

№1 Омар Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналар арасында өткізілген жиналыстың

## Хаттамасы № 1

Абай ауылы

13.09.2021 ж

Катысқандар: Мектеп директор Н.Касымбекова

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдалиева, Г.Самбекова

Мектеп инспекторы Сарығаш АПБ ПБ ӘПБ-ның полиция капитаны А.Амироров

Ата-аналар комитетінің құрамы.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Бухарбаев.Ә.Нартбаев.

Мектеп психологтары Ж.Ширинбекова.

Сынып жетекшілер.

Ата-аналар.

### Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
2. ҰБТ нәтижелері туралы А.Абдалиева.
3. Жаңартылған білім мазмұнын тәжірибеге енгізу Г.Самбекова
4. Ата-аналар міндеттерімен таныстыру, окушылардың онлайн сабакқа қатысуын талқылау Б.Бухарбаев.Ә.Нартбаев
5. Баяндама «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» Ж.Ширинбекова.
6. Баяндама «Құқық бұзушылықтың алдын алу» А.Амироров.
7. Әр түрлі мәселелер.

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бухарбаев сөз алыш, күн тәртібімен таныстырыды. Ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермеков қайта сайлануға ұсыныс беріліп, бірауыздан Р.Ермеков сайланды. Ата-аналар Ермеков Рахматулла ағайға алғысын білдіріп, бір ауыздан түгел макұлдады.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермеков сөз алыш ата-аналарға тілек айтып, өткен жылы жүргізілген жұмыстар туралы айтты. Төмендегі ата-аналар комитетінің құрамы сайланды Ата-аналар комитетінің төрағасы: Ермеков Рахматулла. Тел: 8702 312 60 13.

Мүшелері:

Арапбаев Умірәлі 8701 485 25 15

Дәрібаев Қайрат 8702 306 62 26

Мирзаева Зухра 8701 430 98 02

Токназарова Шахноза 8775 601 87 68 сайланды.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Абдалиева сөз алыш ҰБТ нәтижелері туралы айтты. Жаңа формат бойынша жұмыс жасалыш жатыр. Мектепте 7 топ құрылған (аталды). Окушылардың білім сапасын көтеру ниетінде биылғы жылы ҰБТ бойынша 83,5 пайыз алдынғы қатарда, 11 окушы грант иегері болды. Нәтиже жақсы. ҰБТ байқау тесттеріне окушыларды толық қатыстыру ата-аналарға айтылды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Самбекова жаңартылған білім мазмұнын тәжірибеге енгізу, Білім министрі бұйрығымен 5 күндік оқуға көшу туралы тұжырым бағдарламаға тоқталды. 1-2 және 5-7 сыныптар жаңартылған білім беруге кезеңмен ету жөнінде айтып өтті. 5-7 сынып окушылары жаңартылған білім беру бойынша оқытылып жатыр. Критериалды қалыптастыруши және жиынтық бағаларға тоқталып, түсіндірді. Ата-аналарға өз уақыттарын бөліп, түсіністікпен қарап, көңіл бөлу керектігін айтты. Жаңартылған білім беру мазмұнын түсіндірді. Сөз соңында Махатма Гандидің сөзімен аяқтады. I және II кезеңнің сабак уақытын түсіндірді. Окушылар 5 күндік оқу күнінде I кезең сағат 8:00-де , II кезең сағат 14:20-те оқитын болыш келісілді.

Нұрманбетова Құндыз апай сөз алыш факультатив сабактар туралы сұрақ қойып, оған жауап алды.

Г.Самбекова не себептен 8:00-де сабак басталатынын түсіндірді. Аудандық білім бөлімінен берілген бұйрықтан ауытқи алмаймыз

Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бухарбаев ата-аналардың міндеттерін түсіндірді. Ата-аналарға ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды. Ұялы телефон, бағалы заттарды ұстауға тыйым салынады. Интернет арқылы жағымсыз, кертартпа ағымдағы сайттарға балаларыңыздың кіруіне сақ болыңыздар. Осы мектептің ішкі тәртіп ережесін қолдайсыздар ма? Ата-аналар бірауыздан қолдаймыз деді. Мектеп ауласында роллик, турник, гирокутер және т.б ойнауга тыйым салынады. Ата-аналар балаларын мектеп формасымен қамтамасыз ету міндетті. Қыста да шалбар киіуге тыйым салынады. Ата-аналар бірауыздан келісті.

Бесінші мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Ширинбекова «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» туралы Барлығы да отбасынан басталады, ата-аналар ұстаздармен тығыз байланыста болыңыздар деп айтты өтті. Ата-ана мәдениетті, этика-эстетика сақтау жөнінде түсіндірді.

Алтыншы мәселе бойынша мектеп инспекторы Келес АПБ ПБ ӘПБ-ның полиция капитаны А.Амирров сөз алыш оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу барысы бойынша баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кешкі уақытта сағат 22:00-ден кейін ата-анасыз көшеде жүргүре болмайтынын айтты. Оқушылардың ұялы телефонды мектепке алыш келуге болмайтынын айтты. Себебі ұялы телефон арқылы көптеген қылмыстардың орын алыш жатқанын айтты. Ата-аналарға кешкі уақытта балаларын туылған күн, кафелерге және ойын-сауық орындарына жібермеу керек екендігін түсіндірді. Күнделікті кешкі уақытта рейд жүргізілетінін айтты.

Әр түрлі мәселелер бойынша З.Рахимова сөз алыш бала тәрбиесі және ата-ана міндеті туралы түйнідіру жұмыстарын жүргізіп, балаларды уақытылы тамақтандырып жиберулерін айтты.

#### **Жиналыс қаулы етеді:**

1. Ата-ана комитетінің құрамы сайлансын.
2. ҰБТ байқау тесттеріне оқушыларды толық қатыстыру ата-аналарға міндеттелсін.
- 3 Жаңартылған білім мазмұнын тәжірибеге енгізу 5 күндік оқуға көшілісін және жұмыстары жандандырылсын.
4. А.Амиротовтың баяндамасы есепке алынсын.
5. ДТДЖО Б.Бухарбаевтың ата-аналардың міндеті туралы айтылған ұсынысы қабылдансын. Мектепке ұялы телефон алыш келуге тыйым салынсын.
6. Ж.Ширинбекованың «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» баяндамасы қанағаттандырылсын.
7. Оқушылардың сабакқа қатысуына ата-аналар мен мектеп әкімшілігі байланыста жұмысы жандандырылсын.

Жиналыс тәрайымы:  
Хатшы:

Н.Касымбекова.  
А.Арынова.

an

**Хаттамасы № 2**

Абай ауылы

Қатыскандар: Мектеп директоры Н.Касымбекова.

29.11.2020 ж

Ата-аналар комитетінің төрағасы Ермеков Рахматулла.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдалиева, Г.Самбекова.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Бухарбаев, Э.Нартбаев.

Мектеп психологы Ж.Ширинбекова.

Ұйымдастыруыш педагог М.Кунусбаева

Тәлімгер Ж.Жаңабаева.

Сынып жетекшілер.

Ата-аналар.

**Күн тәртібінде:**

1. ҰБТ, ОЖСБ нәтижелері А.Абдалиева.
2. Ата-аналар комитетінің I-тоқсанғағы есебі. Р.Ермеков
3. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары.
4. «Оқушылардың девиантты міnez құлықтарының алдын алу» баяндама. Ж.Ширинбекова.
5. Әр түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Абдалиева ҰБТ, ОЖСБ

сесесі бойынша тоқталып өтті. Төмен көрсеткіш көрсетіп жатқандығына тоқталды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Ермеков Рахматулла ата-аналар комитетінің мүшелері сайланғаннан кейін іс-жоспар жасап күнделікті сабактан кешіккен оқушыларды анықтап тізімін алғып ата-аналарына ескерту жасап түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін айтты. Сабакқа келмей көп қалатын оқушылардың үйіне барып профилактикалық жұмыстар жүргізілді. ҰБТ мәселесі бойынша төмен балл жиған оқушылардың үйлеріне барып ата-аналарына баласының ұлгерімі нашар екенін, алдағы уақытта дайындықты қүшейту керек екендігі айттылды. 16-30 қараша аралығында мектепте «Үздік сыннып жетекші, үздік сыннып» тақырыбында оқушылардың тәртібі, формасы, сабактан қашпауы, кешікпеуі туралы іс-жоспар жасалып жұмыстар атқарылуда, 9,10, 8,7,6 сыныптар аралығында сыйыс желтоқсан айының соңына дейін жалғасатыны айттылды. Оқушылардың тәртіпті, білімді болуына ата-аналар барлығымыз біргелікте көмектесуді сұранамыз. І жарты жылдықта 6 оқушыға қыстық киімге көмек көрсетілді туралы айтты.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Бухарбаев оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмау мақсатында іс-жоспар жасалынып, бекітіліп жұмыстар жасалынып жатыр. Күнделікті азанғы және кешкі уақытта мектепке кірерде оқушыларды сапқа түрғызып «Ән-ұран» тыңдатылып содан соң сабакқа кіргізіледі. Азанғы уақытта сақаққа қашігушілікті тоқтата алмай жатырмыз. Оқушылар күнделікті кешігіп келеді. Кей оқушылар екінші сабакқа келеді. Оқушылар арасынада құқық бұзушылықтың алдын алу үшін көптеген іс-шаралар өткізілуде.

«Үздік сыннып жетекші, үздік сыннып» жоспары жыл соңына дейін жасалынып жүргізіледі. Ата-аналар тарапының оқушылардың формасына, күнделігіне қадағалауды қүшеттесеңіздер. Балаларыңызды тойхналарда жұмыс істеуді тоқтатсаңыздар және балалардың уақытылы демалуын, ұйықтауын қадағаласаныздар. Түнімен сотка ойнайды содан азанда тұра алмай сабакқа кешігеді. Әр бір ата-ана өз баласына жауапты. Оқушының формасына, киіміне, тамағына, оқудан қалмауына, кешікпеуіне, тәртіпті болып жүруіне ата-ана жауапты. Сондықтан балаларыңызды күнделікті сабағына қадағалауды қолға алсаңыздар.

Төртінші мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Ширинбекова «Оқушылардың девиантты міnez құлықтарының алдын алу» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасында ата-ананың бала өмірінде маңызды екендігіне тоқталды.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. ҰБТ, ОЖСБ жұмыстары жандандырылсын.
2. Ата-аналар комитетінің атқарған жұмыстарының есебі қанағаттандырылсын.
3. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
4. Ж.Ширинбекованың «Оқушылардың девиантты міnez құлықтарының алдын алу» баяндамасы қанағаттандырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Н.Касымбекова.

Хатшы:

F.Ергешбаева.

№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналармен өткізілген жиналысының

Абай ауылы

09.09.2022ж

### **Хаттамасы 1**

Қатысқандар:

#### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. 2021-2022 оку жылындағы ата аналар комитетінің бір жылдық есебін беру.
2. 2022-2023 оку жылына қайта ата аналар комитетінің құрамын сайлау.
3. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жіберетін қателіктер. Мектеп психологи Ширинбекова Ж.
4. ҰБТ ерекшеліктері туралы. Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Абдалиева А.
5. Мектептің тәрбие және тәртіп ережелері жөнінде. Директордың тәрбие және тәртіп жөніндегі орынбасары Бұхарбаев Б.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Ермеков Р. Сөз алғып, мектеп пен ата-аналар байланыста болса жақсы нәтиже болады.

Екінші мәселе бойынша оку жылына ата-аналар комитетінің мүшеслерін сайлау.

Ұсыныс: Бұхарбаев Бердібек ағай сөз алғып Ермеков Рахматтулла бір жылға ата-аналар комитетінің төрағасы болсын.

Мүшелері:

- 1.Жусіпбеков Асан 87786527601
- 2.Базарбаев Есберген 87027701662
- 3.Марданбаева Надира 87072926370
- 4.Сыдыкова Гүлмира 87785381386
- 5.Атабаев Батыр ағай

2022-2023 оку жылына сайланған ата-аналар комитетінің мүшеслері өздерін таныстыруды.

Ермеков Р. сөз алғып комитет мүшелерін құгтықтады. «Патриотизм» рухта тәрбиелуе жөнінде айтып өтті. Патриоттық тәрбие отбасынан басталатыны жөніндегі айтты. Мектептегі тәрбие жөнінде тоқталды.

Жаңа оку жылындағы ата-аналар комитетінің мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Оқушының міндеті сабакқа кешікпей келу, оку және т.б. мектептің тәрбие жұмысына белсене араласып, бірінші жұмыс дүйсенбіден бастап кешігіп келген оқушыларды қадағалау.

Ақжигитов Есен өзін таныстыруды. Тәлімгер, өзін-өзі басқару үйілшы жөнінде тоқталып өтті.

Сұрап: Ермеков Р. сөздің үйым көбінде қағаз жұмыс жүргізеді. Іс жүзінде ат салысайық. Мектеп формасы, сабакқа кешігу, және т.б. бірлесіп жұмыс жасайық.

Бұхарбаев Б.М: мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшесі, бес жылдан бері ата-аналар комитетінің төрағасы. Сол себептен үлкен алғыс айтып, арнайы марапаттап мәртебесін келеді. АББ басшысы Б.Абдиев.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Ширинекова Ж. Ат. сөз алғып, оқушы мен ата-ана, мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс туралы айтты. 9-10-11 сынып оқушы ата-аналары

Кыздардың юбкалары қысқа өте. «Бала тәрбиесіндегі ата аналар қателігі» жөнінде баяндама оқып, баланың мінез құлқына әсер болатынын айтты. Баланың мінез құлқына ата-ананың тәрбиесі тікелей әсер етеді. Ата-анада өзін-өзі тәрбиелеп отыру керектігін айтты.

Ата-ана ешқашан баланы алдамау қажет. Баланың анқау, кертартпа, қатірез, жалқау болулары тікелей отбасына байланысты. Психологиялық кеңестерге жүгініп, көруге болады.

Бейнебаян көрсетті. Тәрбиелік мәні өте зор бейнебаян. Бір сағат балаға көңіл бөлүкеректігіне тоқталды. Құрғак уәде беруге болмайды, бала телміріп күтеді. Ата-ананың мейірімі қажет. Ұмытпау керекпіз.

### Пікірталас- Жанар апай

Әкенің мейірімі, қамқоры да керек. Ата-ананың әрбір айтқан сөзі, балаға сенім ұялатады.

Сергіту сәті : қағаз таратты, қағазда сөздер жазылған.

Оқып, келесі адамға ұсынады. Сұрақтар болса ....

Төртінші мәселе. Абдалиева А.С. ҰБТ ерекшеліктері туралы. Ата-аналарға жаңа оқу жылына сәттілік тілей отырып, оқу жылы ҰБТ ерекшеліктері өзгерістерге тоқталды.

2 рәсім: 1) қорытынды аттестат, 2) ҰБТ емтихан

Биылғы ерекшеліктер:

Бейіндік пәндер бойынша ИТ саласына информатика қосылды. матем-информатика. Тест уақыты 4 сағат, 140 шектік балл (120 тапсырма). Жылына 4 рет тапсыру құқығы бар. 25 қаңтардан бастап.

Биылғы жығы жаңалық: 2 рет грантқа тапсыруға мүмкіндік алады. Қатаң тәртіп сақтау керектігін айтты. ҰБТ кезінде тікелей трансляция жүргізіледі. Халықаралық олимпиада жүлдегерлері грантқа емтихансыз түсе алады.

Былтыр 74 окушы бітіріп, 13 окушы грант иегері болды.


Биылғы 68 окушы 11 сыныпты аяқтайын деп отыр. Қазан айынан бастап мектепте қосымша сабактар басталады. Себебі биылдан бастап ҰБТ мектепшілік. Қайтарылды. Сәттіліктіледі.


Бесінші мәселе. Мектеп тәрбие және тәртіп мәселесі.

1. Ұялы телефон мәселесі
2. 1,5 аптада сабакқа кешігетін окушылар көбейіп жатыр, 20-30 минут кешігіп келеді.
3. Мектеп формасы (ақ көйлеқ, қара шалбар, юбка, ақ кофта). Шалбарға тыйым салынған.
4. Оранып келетін окушылар.
5. Оқулықпен қамтамасыз етілген.

Қаулы.

1. Сенсорлы ұялы телефонды мектепке алып келмеу, тыйым салу.
2. 2021-2022 оқу жылы ата аналар комитетінің жұмысы қанағаттанарлық.
3. 2022-2023 оқу жылының ата аналар комитетінің мүшелері.
4. Окушылар тәртібін, тәрбиесін қадағалау. Беймарал жүрмеуін қадағалау.
- 5.

Мектеп директорының у.м.а:  Б.Бухарбаев.

Хатшы:  А.Арынова.

Кыздардың юбкалары қысқа өте. «Бала тәрбиесіндегі ата аналар қателігі» жөнінде баяндама оқып, баланың мінез құлқына әсер болатынын айтты. Баланың мінез құлқына ата-ананың тәрбиесі тікелей әсер етеді. Ата-анада өзін-өзі тәрбиелеп отыру керектігін айтты.

Ата-ана ешқашан баланы алдамау қажет. Баланың аңқау, кертартпа, қатігез, жалқау болулары тікелей отбасына байланысты. Психологиялық кеңестерге жүргініп, көруге болады.

Бейнебаян көрсетті. Тәрбиелік мәні өте зор бейнебаян. Бір сағат балаға көңіл бөлүкеректігіне тоқталды. Құрғак уәде беруге болмайды, бала телміріп күтеді. Ата-ананың мейірімі қажет. Ұмытпау керекпіз.

### Пікірталас- Жанар апай

Әженің мейірімі, қамқоры да керек. Ата-ананың әрбір айтқан сөзі, балаға сенім ұялатады.

Сергіту сәті : қағаз таратты, қағазда сөздер жазылған.

Оқып, келесі адамға ұсынады. Сұрақтар болса ....

Тәртінші мәселе. Абдалиева А.С. ҰБТ ерекшеліктері туралы. Ата-аналарға жаңа оқу жылына сәттілік тілей отырып, оқу жылы ҰБТ ерекшеліктері өзгерістерге тоқталды.

2 рәсім: 1)қорытынды атtestat, 2)ҰБТ емтихан

Биылғы ерекшеліктер:

Бейіндік пәндер бойынша ІТ саласына информатика қосылды.матем-информатика. Тест уақыты 4 сағат, 140 шектік балл (120 тапсырма). Жылына 4 рет тапсыру құқығы бар. 25 қантардан бастап.

Биылғы жығы жаңалық: 2 рет грантқа тапсыруға мүмкіндік алады. Қатаң тәртіп сақтау керектігін айтты. ҰБТ кезінде тікелей трансляция жүргізіледі. Халықаралық олимпиада жүлдегерлері грантқа емтихансыз түсе алады.

Былтыр 74 оқушы бітіріп, 13 оқушы грант иегері болды.

Биылғы 68 оқушы 11 сыныпты аяқтайын деп отыр. Қазан айынан бастап мектепте қосымша сабактар басталады. Себебі биылдан бастап ҰБТ мектепішілік. Қайтарылды. Сәттіліктіледі.

Бесінші мәселе. Мектеп тәрбие және тәртіп мәселесі.

1. Ұялы телефон мәселесі
2. 1,5 аптада сабакқа кешігетін оқушылар көбейіп жатыр, 20-30 минут кешігіп келеді.
3. Мектеп формасы (ақ көйлек, қара шалбар, юбка, ақ кофта). Шалбарға тыйым салынған.
4. Оранып келетін оқушылар.
5. Окулықпен қамтамасыз етілген.

Қаулы.

1. Сенсорлы ұялы телефонды мектепке алып келмеу, тыйым салу.
2. 2021-2022 оқу жылы ата аналар комитетінің жұмысы қанагаттанарлық.
3. 2022-2023 оқу жылышын ата аналар комитетінің мүшелері.
4. Оқушылар тәртібін, тәрбиесін қадағалау. Беймарал жүрмеуін қадағалау.
- 5.

Мектеп директорының у.м.а:

Б.Бухарбаев.

Хатшы:

А.Арынова.

№ 1 Омар Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің ата-аналар жиналыштың

**Хаттамасы**

Абай ауылы

20.01.2022 ж

Қатысқандар: Мектеп директоры Н.Касымбекова  
Абай ауылы әкімнің орынбасары Н.Умирбаев  
Вакцинатор дәрігер А.Бекбау  
Емхана психологы Ү.Жұпарбекова  
Мектеп психологы Ж.Ширинбекова  
Ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермеков  
Мектеп медбикелері Г.Қалдыбаева, Г.Тургунбаева  
Қатысқан ата-аналар саны 210

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 20 қазан 2021 жылғы №46 қаулысына сәйкес коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 12-17 жастағы жасөспірімдерді вакцинация жасау және вакцинаның маңыздылығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. Түрлі мәселелер.

**Тындалды:**

Бірінші мәселе бойынша Абай ауылы емханасының вакцинатор дәрігер Бекбау Ақидар сөз алғып Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 20 қазан 2021 жылғы №46 қаулысына сәйкес коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 12-17 жастағы жасөспірімдерді вакцинация жасау және вакцинаның маңыздылығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді және 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер түгел вакцина алу керектігін айтты.

Екінші болып сөз алған Абай ауылы әкімінің орынбасары Умирбаев Нурлан ағай Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 20 қазан 2021 жылғы №46 қаулысына сәйкес коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 12-17 жастағы жасөспірімдерді вакцинация жасау және вакцинаның маңыздылығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді және барлық ата-аналарға балаларына вакцина салу керектігін түсіндірді.

Үшінші болып сөз алған ата-аналар комитетінің төрағасы Ермеков Рахматулла ағай оқушылардың тәртібі жайлар сөзben бастады. Оқушылардың тәртібі, сабакта кешігіүі, сабактан тыс уақытта және кешкі мезгілде оқушылардың үйден шықпауды ата-аналарға қадағалауды айтты және өзінің балаларына вакцина салдыратынын айтты және вакцина салдыруды қолдайтынын жеткізді.

Ата-аналар таралынан қойылған сұраптарға Абай ауылы емханасының психологы Жупрабекова Ұлдар апай жауап беріп отырды.

**Жиналыш қаулы етеді:**

1. . Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 20 қазан 2021 жылғы №46 қаулысына сәйкес коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында 12-17 жастағы жасөспірімдерді вакцинация жасау және вакцинаның маңыздылығы туралы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу жандандырылсын.

2. Профилактикалық егуден алдын балалардың денсаулықтары қатаң назарға алынын.

Жиналыш төрайымы:  
Хатшы:

Н.Касымбекова  
Б.Бухарбаев



№10. Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналармен откізілген жинальсының

Абай ауылы

Хаттамасы №1

22.09.2023ж

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермековтың 1 жылдық есебі
2. Ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлау
3. Құқық бұзушылықты болдырмау «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында баяндама
4. Балалардың тәрбиесі « Әкелер мектебі» «Аналар мектебі»
5. Мектеп формасы
6. Ата –анаға психологиялық кеңесі
7. Ата –аналардың құқықтары мен міндеттері
8. СЭС кітап салмағы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Ермеков Рахматулла мырза сөз алғып сіздерді көріп қуаныш отымын. 2022-2023 оку жылында бір жылда атқараған жұмыстарының есебін айтып өтті. Мектептінің 100 жылдықта атқарылған көмек жағын , мектепте болып жатқан барлық іс –шараның басы-қасында ... діни мәселе, бала тәрбиесі туралы : Отбасы тәрбиесі, мектептегі тәрбие. Ордабасы ауданында үлкен жинальста болғанын айтып , мектепте 70-80% ата –ана балалардың тәрбиесінде көніл аудармайды. Үлдардың тәрбиесі, қыз баланың тәрбиесіне көніл аударайық. Ата – аналардың 80% жинальсқа әйел азамат келді «Әкем елді билейді, әкемді анам билейді» Мектептерге қазактың салт- дәстүрлерін, енгізейік деп айтты. Телефоннан ...бала көргенің істеді дегендейді, бала телефоннан үйреніп жатыр көп нәрсені, мектепке телефон әкелмеу қажет. Бұған АББ шешім шығара алмайды , себебі бұл жеке мүлік. Қостанай қаласында, Шымкентте АСАР мөлтек ауданында телефонсыз кіреді. Телефонсыз сабакқа кіргізу керек, қатан тәртіппен қолымызға алайық . Барлық сынып ата-аналары мектепке телефонды балаларына бермеу керек , Телефон әкелген оқушылардың ата-аналарына ескерту керек. Ата-аналар бірауыздан сынның жетекшілер жинап алу керек деп айтты. Соған ата-аналар бір ауыздан келісеміз деп айтты.

Ұсыныс: Екінші мәселе Бұхарбаев Бердібек ағай сөз алғып әр алтада тәрбие сағаттарында ұлт тәрбиесіне байланысты өтілетінін айтып. 2023-2024 жаңа оку жылында Е.Рахматулла мырзаның қайта сыйласақ деп айтты. Ата-налар бір ауыздан қолдайтынын айтты. Ата-аналардың қолдауы мен Е.Рахматулла мырза қайта сыйланды.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермеков 8 702 312 60 13

Мүшелері: 1. Атабаев .Б

2. Торебекова Э 87475391319

3. Битореева Р 87022886036

4. Тұрлыбекова Ә 87014220005

5. Дадабаева Д 87713197878

2022-2023 оку жылына сайланған ата-аналар комитетінің мүшелері өздерін таныстырыды.

Ермеков Рахматулла сөз алып комитет мүшелерін құттықтады.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жоніндегі орынбасары А.Тилеуова Құқық бұзушылықты болдырмау «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында баяндама оқыды.

Әкелер кенесі : Төрағасы Бердышбаев Сабыр 87028749369

Аналар кенесі : Төрайымы Жорабекова Шолпан 87759129323

Төртінші мәселе бойынша Бұхарбаев Бердібек мырза сөз алып мектеп формасы бойынша таныстырып өтті. Үлгерімі кешігу бойынша тоқталды, оқушылар азанда кешігін тоқтамай тұр . Екінші кезең де оқушылар кешігін жатыр ата-ананың міндетін тағы да ескертіп өтті. Прокуратура жиналыс жасады біздің мектептің 32 оқушысына хаттама толтырылғаны айтылған. Рейд басталды, кешке қадағалансын, тойханада жұмыс жасап жатқан оқушыларға ата-аналар жауапты . Соны тоқтатыныздар. Тойхана иелеріне біз ескерту береміз . Балаларға жұмыс жасамау керек . Төбелес туралы тоқталып балаларды қадағалауды өтінді және автобус екінші кезең сағат кешкі 18:20 және 19:10 екі рейс жасайды . Ата-аналар мектеппен тығыз байланыс жасап отырыңыздар.

Бесінші мәселе бойынша «Баланың өзін-өзі тәрбиелеуге ата-анаға көмек» Тренинг өткізді 4 а.ә сынып ата-аналарға арналған хат . Оқушылардың ата-анаға арналған хаттары оқылды. Ж. Ширинбекова ата-анамен баланың арасындағы тығыз қарым -қатынаста болды. Абай атамыздың 7-ші қара сөзін мысалға келтіріп, бала тәрбиесінің маңыздылығына тоқталды Мектеп мұғаліміне баланың тәрбие мен білімін дамытады. Балаға жылулық, мейірімділік пен сүйіспеншілік керек . Барлық нарсе отбасынан басталады . Мұғалімдер оны үштастыра алса онда бала жақсы дамиды . Кеңестер: Егер балалар бірнеше сұраптар қою мүмкін оған жауап беру керек. Егерде білмейтін болса, жауабын тауып, кейін жауап беру керек.

Алтыншы мәселе бойынша А.Абдалиева ДОІЖО-жаңа оку жылын сәттілік келген ата-аналарға үлкен алғыс . Жылына 3 рет жиналамыз сол себепті сіздерден сабырлылық сұраймын. Абб хат : Сағат кестесінің СЭС-2021ж 5 тамыз санитарлық қағидаттарды бекіту туралы негізге алу ұсынылады. Құн сайынғы оку жылы салмағы 1-2,6: 2,5 жас екешеліктеріне байланысты , екі кезең аралығы 40 мин . Осы мәселені сіздермен шешуді ұсынамыз.

Сіздер не айтасыздар ?

Бекболатқызы Асель: Мен 5 күндік сабак кестесі болуын қалаймын себебі 2,4,8 сынып 5 күндік болса үйірмеге барады

Жорабаева Шолпан : 5 күнмен қала берсін қосымша үймдастырыңыздар

Әшірбаев Марат: Жалпы 6,7 сабак оқушы оқығысы келмейді менің ойымша 6-күндікке көшсе деген ұсыныс айтты.

Төребекова Эльянора : 5 күндік бола берсін деп ұсыныс айтты.

Нұрмұханбетова Құндызы : 5 күндік оқуға қарсы емеспін 2 күнде балалар үйреніп қалды быйыл кешіктік ендігі жылдан бастап көшейік хаттын өзі 20-күні келді сол себептен бүгін ата-ананың келісімін алу керек болды. эл. журналда 5 күн, 6 –шы күн жоқ.

Көпшілік ата-ана 5 күндік оқиық деп шешті .


Мамыр айының кездесуінде келесі жылына алдын ала келісеік

Екі кезеннің уақыты 8:00 сабак басталады


Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата-аналар комитетінің тәрағасы Р.Ермековтың 1 жылдық есебі қанағаттандырылсын.
2. Ата-аналар комитетінің тәрағасына Р.Ермеков сайлансын.
3. Құқық бұзушылықты болдырмау «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында баяндама қанағаттандырылсын.

Мектеп директорының у.м.а:

 Ж.Ширинбекова.

Хатшы:

 А.Арынова.

«№ 1 Омар Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері және ата-аналар комитетінің мүшелері мектеп ұжымының арасында  
өткізілген жинальстың

### Хаттамасы

Абай ауылы

09.11.2023 ж

Қатысқандар: Мектеп директорының м.у.а: З.Рахимова .

Ата-аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла

Мектеп әкімшілігі

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері саны 8

Ата-аналар комитетінің мүшелері және әр сыныптың ата-ана комитетінің тәрағалары мен  
тәрайымдары саны 50

Мектеп ұжымы саны 123

### Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың тәлім тәрбиесі, үлгерімі және сабактан кешікпеуі туралы.
2. Мектеп басшысының жоқтығы
3. Әр түрлі мәселелер.

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Абай ауылының төбе биі және осы мектептің ата-аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла мырза сөз алғып оқушылардың тәлім тәрбиесі, үлгерімі және сабактан кешігіүі туралы және мектепте тәлім тәрбиенің, оку үлгерімі тәмендеп кеткенін айтЫП ата-аналар комитетің мүшелері және қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен біргеліктегі 8-9-10-11 сыныптарды аралап тексеру барысында әр сыныпта 5-6 оқушының жоқ екенін анықтап осыған байланысты ата-аналар комитетің мүшелері және қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен біргеліктегі 4-мүшесі азанда келіп оқушылардың сабакқа кешігіп келуін және сабакта жоқ оқушылардың ата-аналарына хабарласып түсіндіру жұмыстарын жүргізейік деп ұсыныс айтты. Ата-аналар комитетің мүшелері және қамқоршылық кеңесінің мүшелері бірауыздан қолдан келісетіндерін айтЫП құнделікті келетін ата-аналар тізімі жасалып кезекшілік кестесі жасалды. Таңертең мектепке келіп, жан күйдіріп тексерсек, балалардың тәлім-тәрбиесі мен үлгеріміне тәртіпті болуына үлес қосқан болареді. Ұсаздардың мәртебесін көтермей, тәртіп пен тәрбие көтерілмейді. Осыған байланысты келесі аптаңың бірінші күнінен бастап бір кісідей жұмыс атқарайық деп айтты.

Екінші мәселе бойынша Абай ауылының төбе биі және осы мектептің ата-аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла мырза сөз алғып қазіргі уақытқа дейін мектеп басшысының тағайындалмауына байланысты, тәлім – тәрбие, білім сапсының тәмендеуіне байланысты мектеп директорлығына мектеп ұжымы арасынан, мектептің жұмыс-барысын түсінетін арамыздан ұстазды директорлыққа ұсынсақ деп ұсыныс жасады. Абай ауылының төбе биі және осы мектептің ата-аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла мырза осы мектептің ұстазы директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары, осы мектепте көп жылдан бері ұстаздың етіп келе жатқан Бухарбаев Бердібек Мадалиевичті ұсынсақ қалай қарайсыздар деп ортага салды. Ата-аналар комитеті мүшелері, Қамқаршылық кеңес мүшелері және мектеп ұжымы бір ауыздан қолдайтынын жеткізді.

### Жинальс қаулы етеді:

1. Оқушылардың тәлім тәрбиесі, үлгерімі және сабактан кешікпеуі бойынша жұмыстар жандандырылсын.
2. Мектеп басшысылығына Бухарбаев Бердібек Мадалиевич ұсынылсын.

Жинальс тәрағасы:

Хатшы:

Р.Ермеков

А.Арынова.

**Түркістан облысы Келес ауданы №1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ**

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, тәуелділіктің, Өз-өзіне қол жұмсау және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша және еркін тақырыпта №1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ окушыларымен откізілген жиналыс

**Хаттамасы**

Абай ауылы

04.03.2024ж.

- Катысқандар: 1. Ата-аналар комитетінің төрағасы, ауыл биі Р. Ермеков  
2. Келес ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны Т. Садырбаев  
3. Мектеп директорының м.у.а – З. Рахимова  
4. Тәрбие орынбасары – Б. Бухарбаев, А. Тилеуова  
5. Жалпы ата-аналар саны 224

**Күн тәртібінде:**

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, тәуелділіктің алдын алу.
2. Өз-өзіне қол салудың алдын алу.
3. Зорлық-зомбылық алаяқтықтың алдын алу.
4. Еркін тақырыпта өз ойын ортага салу.

**Тыңдалды:**

Ата-аналар комитетінің төрағасы, Абай ауыл биі Р. Ермеков сөз алғып, қазіргі таңда окушылардың тәртібі, тәрбиесі ретке келіп қалғанын айтып жиналысты ашып берді.

Келесі сөз кезегі Келес ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны Т. Садырбаев сөз алғып, тәрбие мәселесі бойынша сөз қозғап откенде жиналыс болып окушыларға ескерту жасалынған еді соған қарамай кеше кешкі рейд кезінде 18 окушы ұсталды, үйде қадағалау жоқ. Мектептегі жағдай бүкіл Республикаға танымал болдық. Ата-ана өзі тәрбие барысында өздері суицитке итермелуе болып тұр. Телефондарын қарасаңыздар әсіресе қыздарда ерте жетілу, итімдік мәселесі бойынша №2 Ө. Жәнібеков м.г жас қызы екі қабат болып қалған және ұрлықпен бір окушысы ұсталды. Ақтөбе ауыл әкімшілігінде қылмыс жасаған 127 бабтың 3-тармағы мен ата-аналың өз міндетін орындау бойынша (30 ата-анана) 2-ата-ана қамауға аланғанын айтты. Жаза 15 суток және т.б. ерегіскендеге жаза қолданғанын айтты. Онлайн сот болмайды барлық ата-аналы Түркістан қаласына апаратынын айтты. Окушы қызы үйіне ата-анасы болмаған соң бір жігітті үйіне кіргізген бұл оқиға бойынша ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты. Кешегі оқығадан кейін, екінші күні ақ Түркістан облысында 17 аудан болатын болса, ең жоғарғы қылмыс Келес ауданында қылмыс бойынша Келес ауданы бірінші орында тұр. Мен күнде келіп, күнде тексеріп жатырмын. Ескертулер беріліп жатыр. Окушылардың сабакқа келмеген күндері (40) сағаттан асса болды айып пұл салынатыны ата-аналарға ескертілді. Балалар біздің келешегіміз, мұғалімнің жүргегін әбден шайлықтырып алғасыздар қазір мұғалім окушыдан қорқатын болды. Ата-аналар балаға көніл бөлмейсіздер, балаға күнде бір сағат көніл бөлдейік, ұялы телефондарын қадағалаңыздар. Тұнгі мемлекеттік шығармайық ұялы телефонды мектепке алып келуге жол берменіздер. Мен окушының ұялы телефонын тексергенде тұнгі беске дейін әр түрлі сайттарға кіріп ұйықтамайды екі сағат ұйтаған бала қалған сабак оқиды. Мектепте қазір барлық жерге бейне бақылау камералары орнатылған. Көп ата-аналар балаарын өздері қылмысқа итермелейді.

Ата-аналар: Мектепте 2-жылдан бері мектеп басшысы жоқ. Одан кейін тәрбие қайдан болсын?

Ермеков Рахматулла ата-аналар сіздер не дейсіздер.

Тәребекова Жүрсінгүл ата-ана: Құрметті ата-аналар! Осы мектеп тен бәріміз тәрбие алып, өстік-өндік. Бұл түрімізben қате берсек, біз балаларға ие бола алмай қаламыз. Мұғалімдерді жерге таптай берменіздер. Балаларды ұрды, ұрысты екен деп мектепке шауып келсе бермейік, окушыға еркіндікті беріп

бідүк окушы сабак уақтында автостанцияда жүреді, горилла ішіп ата-анаға деген құрмет болу күерек. Рахмет!!!  
Мирзаева Зухра ата-ана: Құрметті ата-аналар! Баршаңызды мерекелермен құтықтаймын. Ата-ананың сана сезімі мықты екен, көпшілік болып жиналғаннан көруге болады. Откенде қыздар жиналысында Қазақстан бойынша 10000 түсік жасатқанын айтқан едім бұл недеген масқара!!! Ата-аналар комитеті бойынша жиналыс жасап, ақылдастық. Мектепте басшы жоқ. Келес ауданы бойынша 18 мектепте директор жоқ. Бәріміз қыз ұзатып, ұлды үйлендіріп, жүзіміз жарық болса бір ғанибет қой.

Ермеков Рахматулла ата-аналар комитетінің төрағасы заңға бәріміз бағынамыз 30 жыл дәстүрді ұмыттық. Жастар ұлкендірді тыңдау керек. Санасына жетпей, ұлкендерге әнгіме айтады. Шегіне келіп қалдық. Баланың тәртібі қайта келмейді. Бабаларымыз данышпан болған. Келіңдер араласындар көріңдер. Садырбаев Тойбек ініміз жан күйдіріп жүр, еңбегін бағалайық. Мұғалімдерді бағалайық. Басшы мәселесі 2 жыл болды АББ әбден былыққа батқан. Басшыны тағайындау үшін ақша беру керек. Ата-аналар, біз басшысыз кімге тапсырып жатырмыз?

Келес ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны Т. Садырбаев Мына жерде төменде отырсаныз көресіздер, окушылар полицияны да басқаны да тыңдамайды.

Құралова Ж ата-ана Мұғалімдердің баршасына рахмет. Балалардың осылай болып жатқанына балаларда нерв (аггрессия) 13-17 жас переходный возраст болады. Мектебімізде бұндай болған емес. Сіздерден өтініш жылы қабақпен балаларымызға қарайық. Ата-аналар қадағалайық. Полиция қызметкеріне рахмет айтамын. «Жұмыла көтерген жүк женіл»

Насиров К ата-ана Ораза болайын деп жатыр, жұмаға баруға болама?

Келес ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны Т. Садырбаев Хаттама толтырылады, Жұмаға баруға болмайды.

Рахимова Зульфия мектеп директорының у.м.а Құрметті ата-аналар! Кешегі жағдай бәрімізге ауыр болып тұр. Мен сіздерге бір «Союз мультфильм» мысал келтіріп, біз тәрбие береміз. Сіздер қалай отыратындарындар үйретеміз. Мұғалімдердің арқасынан сөйлеменіздер. Сіздер балаға сый-құрмет үйретсөніздер, олар үйренеді. Қыз бала қызбалалық қасиеттен жүрдай болып барады. Мұғалімдер 100 пайыз жақсы жұмыс істейді деп айта алмаймыз. Ата-аналар, бізге өте қын тиіп тұр. Біз мұғалімді жұмыстан алып кеттік. Завучтар бар еді, сиынып жетекші бар еді. Бәрімізден қателік кетті.

Жусипова А ата-ана. Мен ұлттық дәстүрдегі киім киуге қарсымын. Жетіліп тұрған қыздарға карсет кигізіп бар мүшесін көрсетіп тұрады.

Ермеков Рахматулла ата-аналар комитетінің төрағасы Билер, ақсақалдар «Ұшқын» ауылын көрдік. Шалбар, шаш қою, бояну деген нәрсе мүлдем жоқ. Біздің мектептіде осы мектептер қатарына қосылуына біргелікте ат салысайық.

Қаулы:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Өз-өзіне қол салудың алдын алу бойынша нақты жұмыстар жүргізілсін.
3. Зорлық-зомбылық алаяқтықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
4. Сабак уақтында смартфон, телефонды пайдаланбау туралы шешім қабылдансын.



З. Рахимова

Жиналыс төрайым:

Хатшы:

 А. Арынова.

«№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналар жиналышының

Хаттамасы №

Абай ауылы

02.05.2024 ж

Катысқандар:

Қатысқандар: Мектеп директорының у.м.а. Г.Самбековаа

Директордың оку ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдалиева, З.Рахимова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Бухарбаев, А.Тилеуова

Ата-аналар комитетінің тәрағасы Р.Ермеков

Мектеп психологы Ж.Ширинбекова, С.Ақылбаева

Ұйымдастырушы-педагог М.Конусбаева

Тәлімгер Е.Ахжигитов

Сынып жетекшілер

Жалпы ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы жинамау туралы.

2. 25 мамыр соңғы қонырау іс-шарасын өткізу туралы.

3.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла ағай сөз алғып Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай ауылындағы М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінде ата-аналарынан сыныптарды жөндеу жұмыстарына заңсыз ақша жинау фактісі жүріп жатқаны туралы акпараттар таралуда екенін айттып біздің №1 О.Есімов жалпы білім беретін мектебінде биылғы 2023-2024 жылғы, сыныптарды ағымдағы жылғы жөндеу жұмыстарына мемлекеттен қаржы бөліненінін және жөндеу жұмыстарын тендерден ұтып алған фирма (мекеме) атқаратынын жеткізді. Мектепте ата-аналар тарапынан ешқандай қаржы жиналмайтынын айттып түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша директордың у.м.а Г.Самбекова апай 2023-2024 оку жылы 1-11 сыныптарға 24 мамыр күні аяқталатынын және барлық сыныптарда сынып сағаттары «Білімім-Отаным» тақырыбында өтетінін айтты. Ал 11-сынып бітіруші сыныптарға 25- мамыр күні соңғы қонырау өтетінін, соңғы қонырау меркелік іс-шараса көлік жалдап, Түркістан қаласына, Шардара қаласына, Шымкент қаласына және Сарағаш шипа жайларына шеруге, саяхатқа, кафе барларға, сыныптастармен жинальып отырыс жасау үшін қаржы жинауға қатаң түрде тыйым салынатынын ескертті.

Қаулы :

1. Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы жинамау қатаң түрде ескертілсін.

2. 25 мамыр соңғы қонырау іс-шарасын мектепте өткізгеннен кейін, жоғарыдағы айтылған талап-ережелерді қатаң сақтау ата-аналарға ескертілсін..

Мектеп директорының у.м.а:

Г.Самбекова.

Хатшы:

А.Арынова.

«№1 О.Есімов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналар жиналысының

Хаттамасы № 4

Абай ауылы

17.05.2024 ж

Қатысқандар:

Қатысқандар: Мектеп директорының у.м.а. Б.Бухарбаев

Директордың оку ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдалиева, З.Рахимова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Тилеуова

Ата-аналар комитетінің тәрағасы Р.Ермеков

Мектеп психологы Ж.Ширинбекова, С.Ақылбаева

Ұйымдастыруши-педагог М.Кунусбаева

Тәлімгер Е.Ахжигитов

Сынып жетекшілер

Жалпы ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. 2024-2024 оку жылының аптасын нақтылау А.Абдалиева
2. «Жазғы мектеп» ұйымдастыру іс-шарасы А.Абдалиева
3. «Сауықтыру алаңы» бастауыш сыныптарда П.Бостанова
4. Бірыңгай мектеп формасы Р.Ермеков
5. Оқушылардың жазғы демалыс (3-ай) кезіндегі өмір қауіпсіздігі Б.Бухарбаев
6. 2023-2024 оку жылының аяқталуы А.Абдалиева
7. Аттестат жазу Р.Ермеков
8. 11-сынып қоштасуы А.Тилеуова
9. 12-15.06.2024 жылы оқушыларға аттестат беру А.Абдалиева

Тыңдалды:

Бірінші болып аналар комитетінің тәрағасы Ермеков Рахматулла ағай сөз алғып, 2023-2024 оку жылының аяқталуы, жаңа оку жылына даярлық әр мінбеге шығып сөйлейтін адамға 3 минут берілетінін айтты.

Екінші болып 2024-2024 оку жылының аптасын нақтылау жөнінде А.Абдалиева сөз алды. 2023-2024 оку жылын аяқтау, емтихандар өткізу туралы айттып өтті.

А.Абдалиева «Жазғы мектеп» ұйымдастыру іс-шарасы тақырыбында Келес ауданы АББ №120 бүйіріғына сәйкес 2 кезенде жазғы мектеп ұйымдастырылатын айттып өтті. Бірқатар сыныптардан бір сыныптан шығатынын айтты. 24-мамыр күні барлық сыныптарда сынып сағаты өткізілетінін, 4-9-сыныптар сабактан соң жеке мектеп алдында «Қоштасу» өткізіледі.

5, 6, 7, 8, 10 сыныптар аралық емтихан өткізіледі. 27-31 мамыр аралығында оқушылар формамен, кешікпей келуі қажет екенін ата-аналарға ескертіп өтті.

Ушінші болып, мектептің әлеуметтік педагогы П.Бостанова сөз алғып, «Сауықтыру алаңы» бастауыш сыныптарда 27- мамыр мен 21-маусым «Жазғы сауықтыру» алаңы ашылатынын айтты. Сағат 9:00 дең 13:00 аралығында болатынын, екі топ ашылатынын, екі топ жетекшілері бекітіліп, спорттық

жындар, уйірмелер, ойын-сауықтыру арқылы, достық қарым-қатынас орнату керек екенін, ыстық тамақпен қамтамасыз етілмеуін айтып өтті.

Төртінші болып бірыңғай мектеп формасы туралы ата-аналар комитетінің төрағасы Р.Ермеков сөз алып, жеке кәсіпкер «Алатау» фирмасы өкілі Асылжан Саховқа сөз кезегін беріп, мектеп формаларының үлгісін көрсетті. 1-11 сыныптарға форма жеткізіп бере алатындығын айтты. Форманың ұлттық нақышта болуына ұсыныс жасады. Жеке кәсіпкер «Алатау» фирмасы өкілі Асылжан Сахов бұл ұсынысты келесі оку жылында қарастырылатынын айтып өтті.

Бесінші мәселе бойынша окушылардың жазғы демалыс (3-ай) кезіндегі өмір қауіпсіздігі жайында Б.Бухарбаев сөз алып, 1-10 сыныптарға өмір қауіпсіздігі туралы ережесін ата-аналарға түсіндіріліп және онымен танысуларын айтты.

Алтыншы мәселе бойынша 2023-2024 оку жылының аяқталуы жайында А.Абдалиева сөз алып, келесі оку жылында 2024-2025 оку жылында 5 күндік, 6-күндік оку сіздердің қолдарыңызда екенін айттып, түсіндірді. Ата-аналар бірауыздан 5 күндік окуға келісетінін айтты.

Жетінші мәселе бойынша атtestat жазу туралы Р.Ермеков сөз алып, атtestat жаңа форматта электронды түрде жазылу керектігін айтты.

Сегізінші мәселе бойынша 11-сынып қоштасуы туралы А.Тилеуова сөз алып, «Соңғы қоңырау-2024» салтанатты жиыны 25-мамыр күні болып, 24-мамыр күні 1-10 сыныптарға «Білімім-Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты, 9-11 сыныптарға «Мен, мектеп, ұстаз» тақырыбында эссе жазатынын айттып өтті.

Тоғызыншы мәселе бойынша атtestat беру туралы А.Абдалиева сөз алып 12-15.06.2024 жылы окушыларға атtestat табысталатынын айттып өтті.

Қаулы :

1. 2024 -2025 ж оку жылында көпшілік дауыспен 5 күндік окуға келісілді..
2. 25 мамыр соңғы қоңырау іс-шарасын мектепте өткізгеннен кейін, жоғарыдағы айтылған талап-ережелерді қатаң сақтау ата-аналарға ескертілді.
3. Жазғы демалыс кезінде окушылардың өмір қауіпсіздігі қамтамасыз ету мақсатында ескерпемен таныстырылып, қол қойдырылсын.

Мектеп директорының у.м.а:

Хатшы:

Б.Бухарбаев.

А.Арынова.

